


*Сагадай Солтбаев*



САҒАДАТ СӘЛІМБАЕВ

ЖАҒАЛАСТАР  
ЖАРАСЫМЫ

*ХИКАЯЛТАР*

АМАТЫ 2002

ББК 84 Қаз 7-4  
С 28

**Сағадат Сәлімбаев**  
**С 28 Жағаластар жарасымы: Хикаяттар — Алматы, 2002.—  
176 бет.**

ISBN 9965-00-165-0

Колыңыздағы кітап Есік өніріндегі обалардың бірінен та-  
былған Алтын адам төңірегінен сыр шертеді. Негізгі кейіпкерлер  
Алтын адамды топырақ астынан аршып алған археолог пен аудан  
өлке тану мұражайының директоры. «Алтын Адам» қауымдасты-  
ғы құрылып оны басқару жүйесін қолдарына алма-кезек алған  
азаматтардың өзара мәмлеке келуі қызық оқиғалармен өрілген.  
Тірелген тығырыктан өту жолында азды-көпті жарасымды істер  
коркем суреттеледі.

«Наныңыз, Ноян еліненбіз» атты екінші хикаят жазушының  
қиялынан туған. Ондағы айтылатын ғаламат жағдайлар мен  
түсініктемелер күнделікті өзіміздің өмірімізде кездесіп жататын  
уақиғалармен қауыштырыла баяндалады. Оқырмандарды көркем  
сөз бер қалың өйдің ғажайып сырларына жіпсіз жетелейді деп  
сенеміз.

C 4702250201  
00(05)–02

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 9965-00-165-0

© Сәлімбаев С., 2002

## **ЕШКІМГЕ ҰҚСАМАЙТЫН ҚАЛАМГЕРДІҢ ҚОС ХИКАЯТЫ.**

Есіктің көне қорғанынан Алтын адамның табылуы, сол тарихи оқиғаға байланысты қазбагер-археологтардың іс-әрекеті, психологиязм, атақ, ақша үшін тартыс, кіслердің бір-бірімен кетісуі мен табысуы хикаяттың өзекті жүгі де-уге болады. Адам табиғатынан әгайст, өзімшіл, өзімнің шыққан төбешігім биігірек болсын деп жанталасады. Әрдайым өзім дегенде өгіз қара күші бар. Міне, осы ретте бас қазбагер-археолог Ақышевтің алған бетінен қайтпайтын бірбет, турашыл, қасарыспа мінезі деп ашылған, маңайындағы адамдарға тек турашыл, бетке айтар, тәуекелшіл сыйпатымен көрінеді. Сонысымен де әдеби кейіпкер образ биігіне көтерілген. «Жағаластар жарасымы» тек қана Алтын адамның табылуы туралы тарихи дерекнама емес, кейінгі қауымға қаратып айттар салмақты ойы бар пәлса-палық құнды дүние.

Біріншіден: автор Алтын адам — ханзаданың ғасырлар көмбесінен қалай ғана тоналмай, дін аман біздің заманымызға жеткені туралы өз жобасын ұсынады. Ол версия — әлі күнге ешкім айтпаған өрі жаңа, өрі тосын. Хикаят осынысымен құйтырқы оқиғаларға толы, оқырманға астар-лап жеткізер ойы мол.

Екіншіден: Алтын адам — ханзаданың дене бітімін көзге елестетер алтын әшекейлі киімнің қалай жасалғаны туралы мағыналы, ойлы тұжырым айтады. Бұрын адамды адамгершілік биік дәрежеге көтерген еңбек деп келсек, енді автор адамды айуаннан бөлекшелеген, биікке көтерген өнер деген батыл байлау жасайды. Өнер — шеберлік ізденістің бастау көзі, ол ешқашан тоқырап, толастамақшы емес. Бір істің соңына шұқшия түсіп, ізденгеннен ізденіп нағыз шебері болғанда ғана адам өлгі шаруаның қас өнершісі болмақ. Бұл ретте археолог-қазбагер, оның маңайында жүрген өзге де толып жатқан кейіпкерлер нағыз өнерпаз, орысша айтсақ мастер деуге өбден келеді. Осы орайда автор трактовкасындағы біраз жайттер, пәлса-палық астарлар әйгілі жазушы Александр Булгаковтың «Мастер және Маргарита» романының желісімен үндес шығып жатады. Бұл қаламгердің білігі мен биігін көрсететін үлкен белгі.

«Наныңыз, Нойан еліненбіз» деп аталатын екінші хикаят қиял ғажайып мативіне құрылған, өзіндік бояуы, ырғағы, желісі, астары бар шығарма. Бас кейіпкер Баба өзге планетадан қоныс аударып жерге өмір, өнер әкеледі. Бұрын біздер маймылдан адам жаратылды деп келсек, енді

автор, «Жоқ, маймыл адамның азғындаған түрі, жалқау, жатыпшер, ойсыз, мұңсыз адамдар заман аудыса адам тұқымынан өзгеріп маймылға айналып кеткен» деген версия ұсынады. Өзге планетаның қоқсығын, керексіз нәрсесін жерге әкеліп тастау үрдіс болғандығын, сол сол салттың еш толастамай өлі күнге жалғасып келе жатқандығын құнарлы, көркем тілмен құлпырта баяндап жеткізеді. Шығармада Қорлан мен Әсия секілді аудыл тірегі болып жүрген үлкендер, олардың бозөкпе ұлы Ерболат, безбүрек келіні, ауруханаға түскен Өскенбай қарттың қылышы, каратә әдісін қолданған көргенсіз қыздан онбай таяқ жеген Қайырбек қарт... бір-бір үлкен сүбелі шығармаға образ болғандай, әмірдің өзінен ойып алғандай кесек мінез иелері. Повесте фоэтон планетасынан аудып келген ғажайып ақылды адамдардың іс-әрекеті өзінше жеке желі болып оқырманды жіпсіз жетелейді. Қиял ғажайып мағынасы мен бүгінгі бүкпесіз аудыл тірлігі домбыраның қос ішегіндей қатар өріледі, аса бір әдемі өрнек жасайды.

Автор осы кітабы арқылы көп өскендігін танытады: мұнда диалог — сөз саптасулар арқылы Достоевскийше тартыс өрбіту, мегзеу, түснап арқылы фантазия мен қарапайым реалистік тіршілікті Булгаковше қатар өрбіту, қазақ классикасының мол-мол иірімді, мухит толқындыай сарынын бөтен сыйпат сыйқыры қатар сезіледі. Кей тұстары шұбаланқылық, бірді айтып бірге кету, келенсіз күйкі көріністер қылаң беріп қалса дағы, жалпы алғанда өрнегі мұлде бөтен, тұжырымы тосын, мағлұматы мол шынайы шығарма туған. Кітаптағы қос хиқаят — бүгінгі қазақ прозасына мұлде тосын, бояуы, ыргағы, айтары өзгеше өнер туындысы болып қосылары анық.

Жазушы Сәлімбаев ешкімге үқсамайтын өрнектеп жазатын бітімі бөлек, ойы терең қаламгер.

Ешкімге үқсамайтын сөз саптасымен бүгінгі қазақ прозасын бір сатыға биіктетіп тұрғандай. Ендеше биіктей бер, өнерің өлмесін, мың сан оқырманыңды жаңа шығармаң арқылы ойландыра бер!.. Биік бейнелерге жетелей түс!.. Жазарың көбейсін, қаламdas дос, демекпіз.

Дүкенбай Досжан,  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,  
М. Әуезов атындағы ұлттық сыйлықтың лауреаты.

# ЖАҒАЛАСТАР ЖАРАСЫМЫ

Өмір — алуан өнердің қосындысы,  
Өнері аздың болар қысқа өмірі,  
Өнерлі ел — өнегелі ел қашан да,  
Өнегелі ел — өлмейтін ел әманда.

Корлан.

## I

«Еңбекшіқазақ» аудан газетінің редакторы Хайрулла Ахметжанов басшылық жасайтын үжым, әр жылы, жыл аяғына таман газет оқырмандарына: «Жыл Адамына» лайықты аудандағы аяулы азаматтарының аты-жөндерін атап, редакцияға хабарлаңыздар» деп «Еңбекшіқазақ» газетінің бетіне неше дүркін жариялад, қауым жұрттың пікірлерін білуді өдетке айналдырған.

Бұрынғы жылдары «Жыл Адамы» атағына ие болғандар — Қазақстан Республикасының даңқын өлемге паш етіп жүрген өйгілі спортшыларымыз, кикбоксингі шебері Ермұрат Қайыпжанов, желаяқ (морофоншы) Алпыс Ермамбетов, шаруашылық басшылары Садыхан Жұрымбаев пен Әлім Жұмабеков еді.

Фасырлар тоғысындағы 1999-шы жылдың аяғында газет оқырмандары мен аудан жұртшылығының айтқан пікірлерін сорапқа салған сарапшылар қорыта келіп, өнер майталманы, мұсінші, атакөсіп салаларын дамытушы зергер ұста Дәркембай Шоқпарұлын, археолог, тарихшы-ғалым, Есік қорғанынан табылған Алтын адамның атасы атанған Бекмұхамбет Нұрмұханбетұлы және «Казкоммерцбанктің» Шелек бөлімшесінің басшысы, іскерлігі, қайырымдылығы ерекше көзге түсken Санат Жұмәділовты атаған еді. Оларға «Жыл адамы — 99» атағын аудан әкімі Нұрсұлтан Әкежанов салтанатты жағдайда тапсырады. »Еңбекшіқазақ» газетінің екі мыңыншы жылы наурыз айының оныншы жұлдызындағы санында «Жыл адамы — 99» деген мақала жарияланып, олардың суреттері басылып ауыл-ауылдағы қауым оқырмандардың қолдарына тиеді. Бұл деген, қасымызда жүрген ауданымыздағы аяулы азаматтардың көтерілген деңгейін мактанишпен паш етіп, жұртына жеткізу фой! «Мына бастамалары ойымнан шықты. Рахмет, редакция үжымына! Осы дәстүрлерін жылда жалғастыра берсе құп та құп болар

еді...» деген пікірді көптеген газет оқырмандарынан өз құлағыммен естідім. Мен де солай дер едім.

Қарбалас күндер. Еліміздің егеменді ел болған ұлы күні де таяп қалған-ды. Осы тұста Есік қаласының тарихында бұрын-соңды болмаған үлкен қуанышты уақиғаға, 2000-шы жылы желтоқсанның 14-ші жүлдізында аудан әкімі ғимаратының алдындағы аланда жиылған қауым жұрт ду-у қол шапалактап жатыр. Неге қуанбасқа! Бұдан бұрын да Есік қаласында орнатылған Жамбыл Жабаев пен Мұхтар Әуезовтың мұсіндерін жасаған Алматы қаласының тұрғыны Болат Құсайынов бұл жолы, әлемге әйгілеп Есік қаласының атағын шартарапқа паш еткен Алтын адамның ғажайып тұғырын жасап, көп жылдар бойы көкке қолын созып тұрған пролетариат көсемі Лениннің мұсіні алынып тасталынып, оның орнына әлгі, биіктігі 3, 2 метрлік Алтын адамның бейнесі орнатылды, соның ашылу салтанаты еді, жиылған қауым жұрттың ду-ду қолшапалактап қуаныштарын білдіріп жатқандары.

Мінбеке шыққан аудан басшылары мен лауазымды азаматтар желпілдеген қызулы сөздер сөйлеп жатты. Әлден соң мінбеке көтерілген мұсінші Болат Құсайынов былай деді:

— Я очень рад, что выполнение заказа доверили мне, не только из-за денег — скажу прямо, сметы хватило только на изваяние из железобетона, сравнительно не дорогое, более простое по технологии, чем бронзовое. Мне приятно то, что Алтын адам изготовленный нашей группой скульпторов, будет украшать свою историческую родину — Есик. На изготовление глиняной статуи, формы из гипса, оклейку у нас ушло около четырех месяцев. Могу заверить, что памятник стопроцентно выдержит испытание погодой и времени, — деп мұсіннің мықты әрі еш уақытта мұжілмей тұра беретінін сол жерде шегелеп айтып берді.

Аудан газетінің бел тілшісі И. Туранин мырза да қарап қалмады. «Еңбекшіқазақ» газетінің бетіне жариялаған мақаласында: «... Волнение мастера понятно — Болат Кусайнов в Есике не «новичок». Его рукой были изготовлены бюсты Жамбылу Жабаеву и Мухтару Ауэзову еще несколько лет назад. С заказом бюста М. Ауэзову Кусайнова слишком торопили, пришлось готовую скульптуру ускоренно сушить и вскоре после установки она «поехал» на реставрацию к Д. Шокпарову. Но, что ни делается — делается к лучшему. При первом открытии задвинутый в угол площади памятник теперь обрел достойное место — вместо бюста Ленина у Есикского городского акимата. Открыт тоже 14 декабря, — деп жазады. Туранин мырзаның «Но,

что не делается — делается к лучшему» деген пікірін тұсіне алмадым. Қаржы шығарып Алматының шеберханасында дайындалған мұсін әкелініп, салтанатты түрде орнатылған соң, көп ұзамай орнынан қайта алынып, косымша қаржы шығарып басқа шебердің шеберханасына жеткізіліп қалпына келтірілуін айтқаны болар, «... делается к лучшему» дегені.

\* \* \*

Ауыл адамдарының әр қылыш кей тұста «Алтын адамның» қалай табылып, қалай қазылып алынған жайында қарама-қайшы пікірлер айтылып жүргендіктен, Алматыдағы археология институтына барып директоры Карл Байпаковпен сұқбаттасып қайтпақ болды. Реті келсе, сол «Алтын адамды» топырақ астынан аршып алу жұмысына басынан бастап аяғына дейін басшылық жасаған қазбагер К. Ақышевпен дидарласып қалармын деген үмітпен, ертесінде Алматыға қарай жол тарттым.

Ақышевқа жолыға алмадым. Өйткені ол кісі Астана қаласында екен. Содан жылды жүзбен қарсы алған Карл Байпаковтың қабылдаудың болып, келгендегі шаруамды айтқан едім.

— Иә, қазақ елінің тарихында сирек кездесетін ол құндер әлі есімде, — деп Карл Байпаков әңгімесін бастап кетті.— Заң бойынша қай қорған болмасын, оны тегістеу кезінде тым болмағанда бір археолог басында болуы тиіс. Осыған орай Еңбекшіқазақ ауданындағы біраз қорғандар құрылыш немесе егін егу жағдайына байланысты тегістеу керек болды. Сондықтан ол ауданға археолог Бекмұханбет Нұрмұханбетовты жібергенбіз. Ол аудандағы тегістелген қорғандардан табылған құнды заттарды, сынығына дейін, тізімге алып жүреді емес пе. Сол тұста жаңа автобаза ғимаратын салмақ болып, құрылышсылар жер қазу жұмысына кірісіп те кетеді. Жоба бойынша ғимарат орнайтын орындағы үлкен бір қорған құрылыш жұмысына кедергі келтірген соң, оны тегістеп тастауға тиісті орыннан ұлыж-сат алынады. Содан құрылышсылар шынжыр табан бульдозерді айдалап әкеліп, әлгі қорғанның шетін қопара бастайды. Бекмұханбет қорғаның басында болады. Ол қорғанда тоналған болып шығады. Тоналғанына іштей на-лыған Бекмұханбет оның табанында қирап жатқан адамның қаңқасын жиып алып, оларды тізімге алады да, қаттап жәшікке салады. Содан қайтпақ болады. Осы тұста тегістелген қорғаның жиегін тағы бір мәрте сүзіп өткен бульдозердің табанының астынан бір бөрененің басы со-

паң етіп шыға келгенін байқап қалған Бекмұханбет, жұмысты тоқтата қойып, келіп бастығы Ақышевқа айтады. Ертесінде Ақышев бастаған бір топ археологтар Есікке қарай бет алады... Мұның бәрін мен несіне баяндап отырмын. Егер сіз барып Бекмұханбетке жолықсаныз, ол ең анық мәліметтерді айтып береді. Өйткені ол кісі қазба жұмысының басынан бастап аяғына дейін қатысты емес пе,— деді Карл Байпаков.

Сөз арасында Қарл Байпаков өзінің Талғар қаласында өмірге келгенін. Әке, шешесі үстаздар болғанын. Әкесі Молдахмет Байпаковтың Ұлы Отан соғысының соңғы күндері қаза болғанын. Анасы — Лидия Ивановна әлі күнге күйлі-қуатты қолдарында тұрып жатқанын айта келіп:

— Өзім Ленинград қаласындағы археология және этнография мамандарын даярлайтын институтты тамамдаған соң Алматыға келіп жұмысқа орналасқам. Содан 1991-ші жылы дербес өз алдына археология институты болып бөлініп шыққан мекеменің тізгінің осы күнге дейін қолымда үстап келем. Кейін келе ғылым докторы деген атакқа да ие болдым. Және Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының корреспондент мүшесімін,— деп біраз үнсіздіктен кейін әңгімесін жалғастырып.— Сөйтіңіз. Бекмұханбет Нұрмұханбетовқа барып жолығыныз. Кешіріңіз, Ғылым академиясына баруым керек еді. Аз-ақ уақыт сұқпаттасты деп сөге жамандамаңыз,— деді де орнынан тұрып.— Келесі кездескенше сау-сәләмат болыңыз,— деп қолын ұсынды.

Карл Байпаковтың қабылдауынан шыққан соң археология институтының үлкен залында қойылған Алтын адамның қөшірмесін тамашалап, алды-артына шығып көп жүрдім. Осыншама жыл қазақ елінің үлкен бір мақтанышы болып келген Алтын адам қөшірмесінің бейнесін газет-журналдардың беті мен теледидардың айнасынан ғана көріп жүруші едім. Осылай дәлме-дәл қөшірмесінің өзін көрмеген екем. Дүние жүзі елдерінің алдында қазақ жұртыйның мақтанарлық екенін көзім жетті!

Көзімнің жеткенін қайтейін, бір сөт, әлде қандай жайсыз көрініс жүргегімді тіліп өткендей болды. Еңбекшіқазак аудан әкімшілігінің алдындағы аланда салтанатты түрде ашылған Алтын адамның бейнесі көз алдыма орала берді. Сол бейненің бет-әлпетін мына түрған көшірмеге ойша әкеліп қондыра қойған едім, оның бет-бейнесі мен талдырмаш келген мына дененің бір-біріне үйлеспей, әлде қандай, талталаңдай басып жүгіріп жүрген ергежейлінің пошымы көз алдыма келе берді! (Мұндай теңеу айтқаныма Алтын адамның қасиетті аруағынан кешірім сұраймын). Денем шымырлаш, жүргегім қарс айырыла: «Қап!...» деп

аузымнан шыққан сөзден басқа қолдан келер шара болмай сыртқа қарай жөнелдім.

Жол-жөнекей ой үстінде қиналғаным тағы бар. «Менімше (көшірмесін көрген соң айтқаным), Алтын адам не әйел заты да, немесе жасы он сегіздің ар жақ, бер жағындағы тал шыбықтай солқылдаған жігіт болған болар...» деген тұжырымға тоқтаған болдым. Сол бір тал шыбықтай со-лқылдаған денеге, көп дүниені бастан кешіріп, өмірдің өр сокпағының ыстық-сұығын молынан көріп бетіне өжімдер түскең, ірі денелі батыр адамның (әкімшілік ғимаратының алдына қойылған мұсінді қараңыз) бет бейнесін археология институтының мұражайындағы Алтын Адамның көшірмесіне (ойша болса да) апарып қоюға жүрегім дауаламады.

Және Есік қаласындағы, Алтын адамның табылған жері деп, автобаза ғимаратының шетін ала, сол мекемені қоршап тұрған бетон дуалына тақап орнатыла салған алғашқы Алтын Адам ескерткіші де көз алдымға келе берді. Басқа жұртқа қандай өсер қалдыратының қайдам, маған, көрген сайын, ол ескерткіш. Апарып жар тасқа Алтын адамды жарғанатша жапсыра салғандай болады да тұрады. «Ай, Қазекем-ай! өз мақтанышымызды өзіміз бағалай алмай, тіптен қорлайтын да кездеріміз болады-ау!» деген ауыр оймен ауылға да жеттім.

## II

«Алтын Адамның атасы» атанған Бекмұханбет кім екенін, күнделігі күйбің тірлігін, әрине, мен жақсы білем. Арас-құралас жүріп жатқан жайымыз бар. Ал қазақ елі, тіптен, өзіміздің облыс тұрғындарының көвшілігі Бекмұханбеттің кім екенін біле бермейді-ау! «Алтын адамның атасын» неге кеңінен жұртқа таныстырмасқа деген ой келді де, Бекмұханбеттің өмір жолы мен археология саласында талмай жүріп сінірген еңбектерінен, алған үлкенді-кішілі атақтары мен қол жеткізген жетістіктерін қағаз бетіне түсірмек болып қолыма қалам алдым, қадірменді оқырманым.

Қараңғылық қоюланып, көз байланған кез. Ақсу ауылъының шетін ала орналасқан екі бөлмелі тоқал тамның сыйырайып ашық қалған терезесінен домбыраға қосыла шалықтап шықкан сазды өуен, өуен сүйгіш ауыл тұрғындарының делебесін қоздырып-ақ жіберді. Құлактарын тосып:

— Эй, мынау Нұрмұханбеттің даусы ғой! Барып өуенін тыңдал, көнілімізді көтеріп қайталық,— деушілер де болды.

Екі бөлмелі тоқал тамның төрінде отырған Нұрмұханбет тыңдармандардың көңілінен шығып, «Ә, бәрекелді! Жарайсың, Нұрмұханбет!» деп оқыс айтылған қанатты сөздерге оның да делебесі одан өрі қоза түсіп, бір өуенде аяқтай, екіншісін бастап кетеді. Екі бөлмеде отырар орын болмай, сыртқы есіктен сығалап тұргандар қаншама!

Жиылған жұрттың қолпаشتауынан қызып алған Нұрмұханбет келесі бір өуенде домбырасына қосып шырқай жөнелгені сол екен, келген Бекшетай атынан қарғып түсіп, үйге қарай жүгіре басып келеді. Өуен тыңдалыса тұрған қауым жұртты жарып өтіп, тұпкі бөлмеге бас сұқты. Алқын-жұлқын үйге кіріп келген Бекшетайды көрген Нұрмұханбет асқақтата айтып жатқан өуенін кілт тоқтата қойып:

— Эй, Бекшетай, жақсылық па, өлде!.. — деп орнынан тез тұрып кетті.

— Жақсылық, Нұреке, жақсылық! Сүйінші! Әйелің ұл тапты! Құттықтаймын! — деді құрбысына құшағын жая берген Бекшетай.

— Сүйінші ме?!. Сүйіншіне болса, сүйіншіне, мә, мынаны ал,— деп жамылып отырған иығындағы жеңіл шапанын шешіп алыш, Бекшетайдың жотасына жалты.

Содан соң қуаныштан қызара-бөртіп кеткен Нұрмұханбет жиылған қауымға қарап:

— Айналайындар, мен ауылға қайтайын. Келесі жолы, дүниеге келген ұлымның құрметіне таң атқанша өздеріңе өлең айтып, жыр жырлап беремін. Кетуіме ұлықсат етіндер,— деп сыртқа қарай бетtedі. Жиылған қауым екіге бөлініп, құрмет көрсетіп жол ашты. Олар да құттықтауын айтып Нұрмұханбет пен Бекшетайды ауылдың сыртына дейін шығарып салды.

Нұрмұханбет базарлы үйдің баласы. Бір құрсақтан он ағайынды. Үлкендері Мәдина деген қыз. Екіншісі Нұрахмет те, үшіншісі Нұрмұханбет. Нұрмұханбеттен кейін төрт ұл, үш қыз дүниеге келген.

Осы отбасының басқа ұл-қыздарына қарағанда Нұрмұханбет жасынан ерекше қылыштарымен көзге түседі. Көп арасында жиі болып, жиын-тойда айтылатын ән мен жырды тыңдауға жаны құмар болады. Өсе келе өзі де қолына домбыра алыш ән айтып, жыр жырлап, айтысқа да катыса бастайды. Ер жете келе аға, інілеріне үқсан мал асырап, дүние жимайды. Одан бойын аулак ұстап серілік құрып, қайда жиын, қайда той, төрінен орын алатын болды. Мал асырап, дүние жинаудан аулак болса да оқу, білу, әр нәрсені үйрену жағына бой алдырған. Кезінде медреседе оқып, сауатсыздарға сабак та берген жан. 1917-ші жылғы

қазан төңкерісінен кейін орысша оқып жаңаша білім алған жастар ауылға келе бастаған сон сабак беруін тоқтатқан. Өмірінің соңына дейін қанына сіңген серілігін қалдырмайды. Жасы келген шақта да мал асырап, ауласында «тышқақ» лақты да секіртпейді. Мал басы керек бола қалса аға-інілері бар. Соларға сенеді.

Өмірінің олай қалыптасуына біріншіден өзінің өлең айтып, жыр жырлауды ұнататыны болса, екіншіден — қара қылды қақ жарып жастық шақтың қызыл қазанында қайнап жүрген тұста, көрші ауылда тұратын Досан деген құрбысының үйлену тойына бара қалады. Ол тойда әнші әрі гормоншы, жаңып тұрған Гұлсім деген бойжеткенмен танысады. Көп алдында екеуі қосыла өн айтып, жыр жырлап өнерлерін ортаға салады. Жиылған қауым дән риза. Осы кеште бір-біріне көңілі ауған екеуі, көз қарастарымен-ақ өзара ұғысады. Бұдан кейін де бірнеше кештердің үйткисы болған екеуі, көп ұзамай отау құрады. Ойынсауық десе делебелері қозатын жас отаудың иелері мал асырап, қора салсын ба. Қай жерде жиын, қай ауылда той болса қол ұстасып кете бергені.

Бірер жылдан сон Гұлсімнің аяғы ауырлад Төлеухан деген қыз баланы өмірге әкеледі. Содан балалы болған ол болып жататын жиын-тойға белсенділікпен қатыса алмай үйде отырып қалады. Кеудесін жайлаған қызғаныш оты күйеуін тізгіндемек болады. Ол әрекетінен түк шықпады. Жаратылысынан ойын-сауық қып өмірін серілікпен өткізіп келе жатқан жігітің, әйелінің ыңғайына көне қоймады. Содан барып араларында реніштер туып, аяғы ажырасып тынады.

Жүгені сыптырылып, әлі тұғырынан таймаған Нұрмұханбет болып тұратын той-думандарда әнін айтып, жырын жырладап, той бастар өнерінің арқасында көптің сый-құрметіне бөленіп жүре береді. Өмірге келген сәби анасы Гұлсімнің тәрбиесінде қалып қояды.

Жаңып жүрген жігіт қарап қалсын ба, Нұрмұханбет көп кешікпей Иғайша деген қыздың сұлу сымбаты мен инабаттылығына тәнті болып, құмартуы арта туседі. Бойжеткен де кет өріге бармай, жаздың бір кешінде дүркіреген үйлену тойын жасап, екеуі жанғя құрады. Иғайша болса күйеуінің серілігіне кеншілік білдіреді. Жыл мезгілі өте бере Иғайшаның аяғы ауырлад, 1935-ші жылы мамыр айының он жетінші жүлдзызында інгөлатып, дүниеге шекесі торсықтай бір сәби әкеледі. Ән мен жырын кезек шырқап отырган Нұрмұханбеттен сүйінші сұрай барған Бекшетай құрбысын ертіп «Сегізінші ауылға» ат басын бұрады.

Шілдеханаға жылған қауым келген Нұрмұханбетке:

— Ұлыңың бауы берік болсын!

— Жасы ұзак, дәу мұғалім болсын! — деген тілектерін айтып алды-артына шығады.

Жылған жүрттың білдірген тілектеріне раҳметін айтқан Нұрмұханбет аялдамастан үйіне қарай бет түзеді.

Сөби қырқынан шығар алдында молда шақырылып, азан айтылып Нұрмұханбеттің ұлына Бекмұханбет деп аткояды.

Бекмұханбеттен кейін де Иғайша күйеуіне Әбуқанипа атты қызы сыйлады.

«Сегізінші ауыл» кейін Қарасу ауылы болып аталады. Сол Қарасу ауылындағы жетіжүлдік мектептің табалдырығын 1943-ші жылы аттап, 1950-ші жылы тамамдайды. Сегізінші сыныпты аудан орталығы Ақсұдағы Ыбрай Алтынсарин атындағы орта мектепте келіп оқиды да, 1954-ші жылы қолына атtestat алыш шығады.

Жоғарғы оқу орнына қабылдануына балы жетпей қалған Бекмұханбет әскер қатарына шақырылады. Үш жылға жуық созылған әскери міндетін Азербайжан елінде, Каспий теңізінің жағасындағы Порт Ильича, Прищип деген қалаларында өтеді.

Сол бір жылы Совет Министрінің қаулысы бойынша әскер қатарында жүрген, орта білімі бар, барлық тұрғыдан өзін үлгілі ұстаған жауынгерлерді жоғарғы оқу орнына құжаттарын тапсыруға ұлықсат болады. Ол оқу орнынан шақыру қағазы келсе әскери бөлімше қарсылық көрсетпей ол жауынгерді оқуға жіберуі тиіс. Барып емтиханын ойдағыдай тапсырып, оқу орнына қабылданса, әрі қарай оқи береді де, емтиханды тапсыра алмай қалса қайтып келіп әскери міндетін аяғына дейін атқаратын болады.

Оқысам, жоғары деген білім алсам деп ынтасы ауып жүрген Бекмұханбет бұл қаулыны оқи сала, құжаттарын жиыстырып, арызын жазып, ҚазГУ-дің тарих факультетіне жібереді. Көп кешікпей әскери бөлімшесіне жеделхат келді. Тамыз айының бірінде емтихан басталады. Нұрмұханбетов Бекмұханбет келсін депті.

Әскери бөлімшениң бүйріғы шығып, Нұрмұхамбетовтың оқу орнына баруына ұлықсат бергенше тағы біраз уақыт өтіп кетеді. 1957-ші жылы шілде айының аяғына таман Бекмұханбет әскери бөлімшедегі күрбыларымен қоштасып жолға шығады.

Баку қаласына келіп, кемемен Красноводск қаласына жетеді. Ол қалада поездға отырып Алматыға тартады. Алматының вокзалына тамыз айының екінші жүлдізында

келеді. Вагоннан тұскен бойы арқақабын арқалаған Бекмұханбет КазГУ-ге жүгіреді.

Қабылдау комиссиясының төрағасы Шупековтың қабылдаудыңда болып, әскер қатарынан босап, емтихан тапсыруға келгенін айтады.

— Әскер қатарында болғанынды жалтыратып кеудене таққан значоктардан да байқап тұрмын, бала. Алғашқы емтихан кеше өтіп кетті. Бұл жылы оқудан қалып қойдың. Келесі жылы келерсің,— деп шалқайған Шупеков орнынан тұрып теріс айнала берді.

— Үлгере алмай қалғаным, әскери бөлімшеге бүйірғын кешіктіріп барып шығарды. Оның үстіне кемесі бар, поезы бар ұзақ уақыт жол жүріп қалдым. Поездан тұскен бетім осы. Бірден сізге келіп тұрмын,— дейді Бекмұханбет кешіккен жағдайын түсіндіріп.

Жүзін Бекмұханбетке бұрган Шупеков:

— Енді маған неғылдейсің? Кешігіп келген өзінен көр. Бір сен үшін емтихан алатын лауазымды ұстаздардың базын қайта қоса алмаймын. Айттым ғой, келесі жылы келерсің деп. Келесі жылы тағы кешігіп қалып жүрме,— деп езуіне шамалы мысқыл құлқісін үйірді.

Мектеп бітіре салып оқуға келіп тұрған емес, Бекмұханбет әскер қатарында үш жылға жуық жүріп ысылған, қаймықпай ойындағысын айта білетін азамат екенін байқатты.

— Олай болса,— дейді Бекмұханбет.— Қалған емтихандарды тапсыра берейін. Кешігіп тапсыра алмай қалған тарих пәнін деканмен келісіп соңынан тапсырармын,— деді қандай істің болмасын шешімі болатынын білдіріп.

Шупековтың көзі алара тұсті. Мына әскер қатарынан қайтқан жігіттің нық сөйлеп, ұсыныс жасап тұрғаны оған екі түрлі әсер қалдырды. Бірі, кәдімгідей қызмет орнындағы үлкен кісімен қаймықпай пікір таластыруға даяр екенін байқатса, екіншісі — батылдығы, өзіне өзі сеніп тарих пәнінен де емтиханды тапсыра алатынын нық айтып тұрғаны еді. «Қазақ жастарының бәрі осы жігіттей батыл болсашы...» деген ой да орала берді. Таразының базын алған екінші әсері басып кетті де:

— Тіл факультетінің абитуриенттері бүгін тарих пәнінен емтихан тапсырып жатыр еді. Жүр, жағдайынды айтып қазір мен сені солардың арасына кіргізіп жіберейін. Тапсырып шықсаң шықтың, тапсыра алмасаң құжаттарынды ал да үйіңе қайт,— деді де сыртқа қарай бет алды. Бекмұханбет оның соңына ілесті.

Кезегімен кірген Бекмұханбетке емтихан алып үстел басында отырған үш мұғалім зер сала, сынай қарады. Олар-

дын қадала қараған көздерінен бұл қаймығар емес. Аяғын нық басып қастарына келіп, сәлем берді. Сәлемін алған орталарында отырған толық денелі ұстаз:

— Аты-жөнің? — деп алдында жатқан қағазға үңілді.

— Бәке, бұл жігіт өлгіндегі келіп Шупековтың айтып кеткен жігіті болар, аяғындағы керзі етігіне қарағанда,— деп сыбыр ете койды. Бәкең әскери тәртіппен сымдай тартастылып тұрған жігітке қайта көз таставы.

— Аты-жөнім Бекмұханбет Нұрмұханбетов. Мен құжаттарымды тарих факультетіне тапсырған едім, үлгере алмай кешігіп қалыптын. Емтихан кеше өтіп кетіпти.

— Ия, ия. Дайындығың қалай?

— Тапсыра алатын ойым бар, ағай,— деді Бекмұханбет бұл жерде де өзінің батылдығын байқатып.

— Олай болса ана жатқан емтихан билеттерінің біреуін ал,— деді үстел үстінде жайылып жатқан билеттерді иегімен мезгеп.

Беттері төмен қараң тізіліп жатқан билеттердің орта тұсынан Бекмұханбет біреуін суырып алды. Содан біраз уақыт билеттегі сұрақтарды оқып тұрып қалған еді.

— Нөмірі нешінші? — деді Бекең.

— Он жетінші.

— Бірден жауап бересің бе, өлде ойлануға уақыт керек пе?

— Ұлықсат етсеңіздер біраз отырып ұмытып қалғандарымды есіме түсірейін,— деді Бекмұханбет езу жиып.

— Ұлықсат, ұлықсат. Әне, ана жерге барып отыр да есіңе түсір, есінде қалғаны болса,— деді Бекең мына абитуриенттің ойнақы мінезі мен өзін өзі еркін ұстағаны көңіліне қиғаштау келіп.

Бекмұханбетте қайбір дайындық болсын. Емтихан тапсырады екем деп кітап бетін ашып та көрген жок. Оған уақыт та, жағдай да болған емес. Поездан тұскені өлгінде ғана. Әйтеуір бойында сасып-салдырау байқалмайды. Қайта өзін ойнақы ұстап, әлденеден қаймығар емес.

Бекмұханбет кірген кезде дайындалып отырған үш абитуренттің үшеуі де кезегімен жауаптарын беріп сыртқа шығып кеткен соң, Бекең:

— Ал Бекмұханбет, сұрақтарға жауап беруге даяр болсан үндің кел, — деді.

Лып беріп орнынан жеңіл көтерілген Бекмұханбет ұстаздар отырған үстел қасына келіп бойын тіктеп алды да, емтихан билетіндегі бірінші сұрақты оқыды.

— Морозов ереуілі.

— Ал, айтағой.

— Ереуілдің жақсы өмірден болмайтынын бәріміз білеміз... — деп сөйлеп кеп кетті Бекмұханбет. Содан қой-

шы, жұмысшылардың басында кездесетін ауыртпалықтардың бәрін жиып-теріп айтып жатыр, айтып жатыр. Емтихан қабылдаушылар біріне-бірі қарап: «Жақсы, жақсы» деп қояды. Олардың онысын естіген жігітің одан әрі екпіндей сөйлеп.— Жалақының орнына ақша емес жарамсыз жатқан заттарды ұсынып, тіптен шіріген капуста, сасып кеткен балықтарды береді...— деп те жіберді.

— Жарайды, келесі сұрағыңа көш,— дейді езу жиган Бекең.

Бекеңнің сөзіне тоқтаған Бекмұханбет жок. Енді ереуілдің не себептен шығатынын айта жөнелді.

— Бекмұханбет, тоқтай түршы. Олай болса алдымен сен мынаны айтшы. Морозов деген кім өзі?

Біраз ойланып алған Бекмұханбет ол сұраққа да жауап берді.

— Кім болушы еді. Ол, Морозов деген ең, сол кездегі ең саналы жұмыскер. Өз қатарындағы адамдардың алды. Революциялық санасты өсіп жетілген азамат. Ереуілді үймадастырушылардың бірі. Жұмысшыларды жақсы заманға апаратын жол бастаушысы,— дейді бір деммен.

Тындалап отырған мұғалімдер бір-біріне қарап алды. Содан Бекең қабағын қалындана түсіп:

— Екінші сұрағыңа көш,— деді.

— Екінші сұрағым: «Максим Горькийді неге пролетариаттардың ұлы жазушысы деген атайды?»

— Ал, айтағой, неге олай атайдынын.

Емтихан алғап отырған ұстаздардың бірде езу жиып, бірде қабактары түйіліп отырғандарында Бекмұханбеттің шаруасы болмады. Мектепте Максим Горькийдің «Ана» атты шығармасын талдап, жүргегін жұлып алғап жарық беретін Данко мен «Буревестникін» жаттағаны бар. Осылардың төнірегінен есінде қалғандарын өсерлеп айтып берді.

Әскер қатарында жүргенде саяси сағатта тыңдайтын баяндамалар мен газет, журнал оқып сауатын аштын тұстары болатын-ды. Сондағы естіп, білгендерінен, «Совет жауынгерлерінің Ұлы Отан соғысындағы неміс фашистеріне берген бір соққысы жайында» деген үшінші сұраққа да жауап беріп тастанды. Емтихан алғап отырған ұстаздар бұл баланың оқуға деген ынталызы зор екенін байқаса да, әділ бағасын берді.

— Жарайды, енді алған бағанды шығарып көрелік,— дейді Бекең.— Бірінші сұраққа берген жауабын «Екі» деген бағадан аса алмады. Екінші, үшінші сұрақтардың жауабына «Үш» деген бағаны қинала-қинала қоюға болады. Бәрін қосып, шыққан санды үшке бөлсек, алған баған

«Үшке» жетпей тұрғаны. Сонымен бүгінгі емтиханнан алған бағаң — «Екі» — деді.

Бекмұханбет қаншалықты өзін еркін ұстап, батылдқ көрсетсе де, алған бағаң «Екі» деген кезде, бір сәт үнсіз қысылып қалды. Отырған ұстаздар болса бір-біріне қарап күледі. Бекмұханбетке жүзін бұрған Бекең езуінен құлқісін жимай:

— Бірінші сұрағыңың жауабы «Екі» болған себебі, Морозов революционер де, жұмыскер де емес. Ол деген фабрикант болған адам. Осыдан-ақ өзің түсіне бер, қойылған сұраққа қалай жауап бергенінді, — деді.

— Жарайды, айтқан бағаларыңызға таласым жоқ, — деді, «Екі» алдың деген сөзден сасып қалған Бекмұханбет есін жиып, бойын тіктеп. — Эскер қатарынан босап, поездан бүгін келіп түстім. Қалған пәннің емтихандарын тапсырып болған соң бұған да дайындалып келейін деген едім. «Кейін бір сен үшін мұғалімдердің бас қосар уақыттары болмайды. Тапсырсан бүгін тапсыр» деп Шупеков ағай ертіп келіп сіздерге кіргізіп жіберді. Жасынан ойлаушы едім тарихшы болсам деп. Өздерініздей тарихшы бола алам ба, жоқ па тағы бір сынап көрсөніздер, — деді түпкі ойын жасырмаған Бекмұханбет.

Бекең қасында отырған әрінвестеріне «Қалай?» дегендей кезек қараған еді, олар бастарын изеп келіскендерін білдірді. Содан соң Бекмұханбетті алдына отырғызып алған Бекең тарихтың әр кезеңінен сұрақтар қойып қарапайым өңгімеге көшті. Бекмұханбет болса да кідірмей білгендерін әсерлеп айтып жатыр. Әлден соң Бекең:

— Жарайды солдат, емтиханнан алған бағаң «Үш» болсын, — деді де алдында жатқан ақ параққа әлденені жазып қойды. Рахметін айтқан Бекмұханбет, қуаныш сезімін жасыра алмай Шупеков ағайына қарай жөнелді. Ұлықсат сұрамай-ақ кіріп келген Бекмұханбетке жалт қараған Шупеков:

— Не? Тапсырдың ба? — деді

— Ия. Тапсырдым.

— Қандай баға алдың?

— «Үш» деген баға. Ашып айтыңызышы, ендігі жағдайым не болатынын. Қалған пәндерден емтихан тапсыруға қаламын ба, әлде құжаттарымды қолтықтап алышп әскери бөлімшеме қайта берейін бе? — дейді сұрана қараған Бекмұханбет.

— Жарадын, жауынгер! Мә, мынаны апарып берсен жатақханадан орын қаастырады. Қалған емтихандарға дайындықпен келетін бол, — деген Шупеков Бекмұханбеттің қолына тілдей қағазды ұстата қойды.

Келесі емтихан әдебиет пәнінен болды. Бекмұханбет әдебиетке жасынан жақын болатын-ды. Кітаптарды көп оқитын-ды. Тіптен құрбылары бойжеткендеге деген ынталарын өлең жолдарына орап жазып берші деп келіп тұратын. Сөйтіп жүріп өлең шумақтарын жазуға машиқтанып алған. Мұнысы әдебиет пәнінен «Бес» деген баға алуына көмегі болды. Келесі екі пәннен алған бағалары «Төрт». Соңғы емтихан диктант жазу. Оны да жазып шықты. Бірақ одан алған бағасын әлі білмейді.

Оқу орнына түсем деген үміткерлердің емтиханда алған бағаларын сараптап, қабылдау комиссиясы өз жұмысын бастап та кетті. Қабылдау комиссияның алдына барып-қайтқандардың бірі «алақайлап» қуанып шықса, кейбіреулері үн-тұнсіз жүзін төмен тастап, жанары жасаураған қалыны сыртқа қарай кетіп жатыр. Қабылдау комиссияның алдына бару кезегі Бекмұханбетке де келді. Олар отырған кабинетке кірген Бекмұханбет үстел басында қаздай тізілген комиссия құрамын жанарымен шолып өтті. «Бәрі тарих факультетінің мұғалімдері болар?» деген жорамал жасады. Олардан шеттеу, жеке үстел басында отырған хатшы, өзі дәлізге шығып кезегімен шақырып келген Бекмұханбеттің құжаттарын қолына алып орнынан көтерілді.

— Оқы,— деді төргі үстел басында отырған ет-женді, жасы алпыстың ар жақ, бер жағындағы кісі. Бекмұханбет соңынан білді. Ол кісі тарих факультетінің деканы Мұсатай Ақынжанов екенін.

Хатшы келіншек қолына алған қағаз бетіндегі жазуды оқи бастады.

— Тарих пәнінен «Үш».

— Негізгі пән тарихтан алған бағасы «Үш» болса оқуға қабылдауға болмайды. Ауылына қайта берсін. Келесісін шақырындар,— деді сарапшылардың бір мүшесі Қабиев.

Отырғандардың орта тұсынан орын алған қауға сақал орыс жігіті Калистратов орнынан көтеріле бере:

— Жолдастар, негізгі пәннен «Үш» алды екен деп шығарып жібергеніміз обал болады. Келесі пәндерді қалай тапсырды екен тыңдал көрелік,— деді.

— Дұрыс айтады. Мария, әрі қарай оқы,— деді Калистратовтың қасында отырған жігіт.

Жақтастар табылып оң пікір айтылғанына Бекмұханбет қуанып-ак қалды. Мария әрі қарай оқыды.

— Әдебиет пәнінен «Бес».

— Эне, айттым ғой,— деген Калистратовтың даусы күжете қалды.

Келесі пәндерден алған бағасы «Төрттер» екенін оқып берген Мария, енді сарапшылар тобына жәудендей қарап алды да:

— Диктант — «Екі» — деді.

Орнынан ұшып тұрған Қабиевтың:

— Айттым ғой, келген жағына кете берсін деп! Қанша ма уақытты босқа жоғалттық,— деген даусы өктем шықты.

Калистратов асықпай орнынан тұрып Марияның қасына келді де.

— Әкелші, жазған диктанттын оқып шығайын,— деп қолын созды. Қолына алған диктантты шолып шығып.— Жолдастар, мұндағы түзетулердің өзінде қате бар. Менімше бұл «Екіге» емес, кемінде «Үшке», немесе «Төртке» жазылған енбек,— деп әріптестеріне көрсетеді де, төрде отырған деканға апарып береді.

Бекмұханбетте үн жоқ. Калистратовтай қорғаушы болғанына қуаныш-ақ тұр. Диктанттың қай сөздерінен қате жіберіп алғанын білгісі де келеді. «Әкелші, өзім оқып көрейін» деуге бұл жолы батылы бармады.

Үнсіз отырып диктантты оқып шыққан декан:

— Партия қатарында бармасын?— деді Бекмұханбетке жүзін бұрып.

— Жоқ. Партия қатарына өтуге жағдай болмады. Жылға жетпей өскери орным ауысым тұрды.

Әріптестеріне көз жүгіртпі алған декан, шамалы ой үстінде отырды да:

— Нұрмұханбетов, тарих факультетінің бірінші курсының студентімін деп өзінді есептей бер. Оқу орнына қабылдануымен құттықтаймын!— деді жылы қабак көрсетіп.

— Рахмет, сіздерге!— дегеннен басқа еш нәрсе айтпаған тарих факультетінің бірінші курс студенті өскери тәртіппен артқа қарай сарт бұрылып, сыртқа қарай шығып кете барды.

Бекмұханбет қазақ тобында. Калистратов орыс тобына сабак береді. Өзара сөлемдері тұзу. Кездесе қалған жерде Калистратов Бекмұханбеттің жағдайын сұрап, ақыл-кенес беріп қамқорлық жасап жүрді. Бірер жылдан соң екеу ара достасып та кетті. Ал Қабиев болса, оу қабылдау комиссияның құрамында болған кезінде үпайын алдырып қойғанын ұмытар емес. Сабағына келген Бекмұханбетке қисық-қыңыр сөздер айтып мазасын алумен болды. Оған бой алдырып жүрген Бекмұханбет жоқ. Сөзіне қарай жауабын беріп, жынын одан әрі қоздырады. Несін айта берейін, оқу орнын тамамdap, мемлекеттік емтихан үстінде де Бекмұханбетке тақымын батырып бақты. Басқа пәндерден

«Жақсы», «Өте жақсы» деген баға алған сабазын, Қазақ ССР тарихы пәнінен «құлап» қала жаздал «Үшке» өзер дегендеге қолы жетті.

Бекмұханбет қашан да тыныш жүрген бе. Біреудің теріс кылыштарын көріп, орынсыз айтылған сөздерін естісе болғаны, бет-жүзі демей тиісе кететін әдеті бар. Осы мінезі кейбіреуге үнай қоймайды. Институттағы жаңа тарих пәнінен дәріс беретін мұғалім, лекцияны қазақша оқып тұрып, аяқасты орысша сөйлей жөнелетін әдеті бар-ды. Орыс тілінде біраз қарқындалап алып, қайтадан қазақшаға көшетінін өзі де байқамай қалады. Бір тілден келесі тілге ауысқанда, бұрынғы айтқандары қайталанып жатады. Содан лекциясы аяқталмай қонырау қағылып кететін кездері де болып тұрады. Онысы Бекмұханбеттің қытығына тие берген соң, бір күні: «не таза орыс емес, не таза қазақ емес, әй сорлы қазағымай!» деп кіжініп алды да, ак парактың бетіне:

Зорлықпен басын қосып екі тілдің,  
Бопалап, былықтырып ботқа қылдың.  
Ішімді осы ботқаң бұлдіріп жүр,

Сұртсен де, жаласаң да өзің біл,— деген өлең шумағын түсірді де, оны төртке бүктеп алдында отырған студентке ұсына қойды. Шумак өленді оқып шыққан ол күліп алды да әрі қарай жіберді.

Студенттер лекция тыңдамай бір-біріне қол созып, алған паракты оқып шығып күліп жатқандарын байқап қалған мұғалім:

— Догарындар құлкіні! Әкел бері андағы қағазды!— деп аяғын жедел басып барып алдыңғы қатарда отырған студенттің қолынан әлгі паракты жүліп алды.

«Енді не болар екен?!» деген студенттер жым болды. Өлең шумағын оқып шыққан мұғалім:

— Мұны кім жазды?— деді даусын одан әрі көтере сойлеп.

Жасырын, қалқада қалып қоятын мінез қанында жок Бекмұханбет орнынан ұшып тұрып:

— Мен жаздым,— деді.

— Отыр!— деді зірк ете қалған мұғалім. Басқа сөзге келмей орнына барып лекциясын жалғастыра берді.

Мұғалім қайтып ол жайында әңгіме қозғап Бекмұханбеттің бетіне баспады. Еш нәрсе болмағандай түр көрсетіп жүре берді. Сөйтіп өзінің ұстаздық азаматтығына жоғарғы деңгейден орын берді. Бекмұханбет те осы күнге дейін ол ағайының қытымыр, кекшіл емес кешірімділігіне дән риза болып есіне алып қояды. Әрине, әлгі бір шумак өлең оған да әсерін тигізген болар, содан кейін лекция оқып тұрып орысша сөйлей жөнелуді азайтты.

### III

Емтихандарын тапсырып, оқуға қабылданған студенттерді аудиторияға жиып алған Мұсатай Бекболатұлы жаз бойы, оқу жылы басталғанша, көтерілген тың жерге барып ауыл адамдарына көмектесіп келетіндерін, оның әлеуметтік, саяси тұрғыдан жан-жакты мәні барын айта келіп.

— Бір апта уақыт берем. Осы уақыттың ішінде үйлеріне барып керекті киім-кешектерінді алғып келулерін тиіс. Тұрлі сұлтау айтып жұмысқа бармай қаламыз деушілер болса, ондайлардың институтта қалу-қалмау мәселесі қаралатын болады. Осы жағын мықтап естерінде сақтаңдар,— дейді. Содан соң барып, айтқанын макұл алғып бастарын шұлғып, жаңарлары жайнаған студенттердің енді тарай берулеріне ұлықсат беріледі.

Деканның бұл шешімі Бекмұханбетке қындау келіп тұр. Үш жылға жуық әскер қатарында болып үй-ішін сағынып-ақ жүрген еді. «Үйге жеткенше бір-екі күн, келгенімше бір-екі күн. Ар жағында не қалды? Қой, деканға барып жағдайымды айтып көрейін» деген тоқтамға келген Бекмұханбет барып Мұсатай Бекболатұлы отырған кабинеттің есігін қағады.

Жағдайын айтып, ауылшаруашылық жұмысына осы жылы бармай-ақ қойсам деген тілегін білдіре келіп:

— Үш жылдан бері көрмеген ата-ана, бауырларымды сағынып жүрмін, Мұсатай Бекболатович. Оны өзініз де білесіз.

— Айналайын, олай болса ұлықсат. Мауқынды басып, ата-анаңды қуантып кел. Тек сабактан қалып қойып жүрме. Бар, бара ғой,— деп ұлықсатын берді.

— Рахмет, ағай!— деп Бекмұханбет шығар есікке қарай бұрыла берген еді.

— Тоқтай тұршы,— деп Бекмұханбетті қайырып алды да.— Әскер қатарынан босал келе жатыр екенсін, үйіне де әлі бармасын, қаражаттан қысылып қалған боларсын?— деді.

— Жол машиналарына қол көтеріп, тоқтағандарына кезек мініп жетіп қалармын, үйге. Машина айдаушылардың да арасында ақ көңіл ағайындарымыз бар ғой. Жолда қалдырmas,— деді Бекмұханбет.

— Дегенмен бір айлық степендијәнды ала кет. Жолда қысылып қалып жүрме,— деп тілдей қағазға әлденені жазып.— Мынаны бухгалтерияға апарып бер,— деп Бекмұханбеттің қолына ұстартты. Қайталап рахметін айтқан студент сыртқа қарай шығып кете барды.

Арқақабын арқалаған Бекмұханбет Қарасу аулының шетіне келгенде жүк машинасынан түсіп қалады да, үйіне қарай адымдап жаяу келе жатады. Нұрбала әжей күнді қолымен көлегейлеп, көше бойында жанарына ілінген жауынгер жігіттің кім екенін қадала қарап, тұрып-тұрып тани кетті.

— Эй, мына келе жатқан Иғайшаның баласы Бекмұханбет қой!— қасына жақындей түскен оған қарсы жүріп.— Қалай, қарағым? Аман-есен әскерден босап келемісің? Ақ-көлігің аман ба? Айналайын... Эй, Кенжехан, тез, жүгіріп барып Иғайшадан сүйінші сұра, баласының әскерден келе жатқанын айтып,— деп үйден шыға қалған қызын Нұрмұханбеттердікіне жүгіртіп жіберді.

Ауласында күйбің тірлікпен жүрген Иғайшаның қасына Кенжехан ентіге салып жетеді.

— Айналып кетейін Кенжехан, не болды саған?! Аманшылық па?— деп қыздың білегінен ұстай берді,

— Апай, сүйінші! Сүйінші!— деп ентігін баса алмайды. Түрі бал-бұл жанып тұр.

— Сүйіншіңе қалағанынды ала ғой, қарағым. Айтсымына айтып тұрғаның ненің қуанышы?!— дейді жүзі жадырай берген Иғайша.

— Балаңыз... Бекмұханбет ағам әскерден келе жатыр, апа! Әне,— деп Кенжехан жол жақты көрсетіп сұқ саусағын шошайтады.

Осы сәтте көше бойының бұрылмасынан үйіне қарай қадамын тездете басып бет түзеген ұлын Иғайша да көреді.

— Айналайын ботам, келе жатыр екенсің ғой?!— деп үстіндегі кең пішілген шыт көйлегінің етегіне щалыныса бере ұлына қарай еңкендей жүгіреді. Бара баласын құшағына көміп:

— Құлыным менің... Ботам менің... Аман-есен келдің бе? Сағындым ғой, сені...— деп екі бетінен кезек сүйіп, қос жанарынан төгілген қуаныш жасы омырауын жуып кеткенін байқамады.

Аяғын әзер басып жеткен Нұрбала әжей мен көрші-қоландары да жиылдып қалды. Баласы әскерден келіп қуаныш құшағына бөленигеніне олар ақ ниеттерін білдіріп, қалжындарын да қосып:

— Иғайша, балаң әскерден келіп көзайым болдың ба?

— Ендігі той сенің ауылында.

— Эй, бір тойлаймыз ғой!

— Эй, Иғайша, мен ұмыт қалып қоймайын.

— Несі бар, шақырмаса да келеміз,— деп жиылған қауым мәз-мейрам.

— Айналайындар, шақырмасам да келіндер. Келмей қалатындарыңа ренішім таудай болады,— деп Иғайша ағынан жарылып, көз жасын орамалының ұшымен құрғатып алып.— Құлыным менің... Ботам менің...— деп ұлын қайта құшты.

— Нәнәм қайда?— деді біршама ана құшағынан мауқы басылған Бекмұханбет.

— Әкең де қазір келіп қалар. Шаруамен Бекшетайдікіне кеткен еді.

Жүгіріп келіп құшағына көмілген қарындастың құшқан Бекмұханбет, үйге қарай жетелеген анасының ырқына көне берді.

Көп кешікпей үйіне кірген Нұрмұханбет басындағы қалпағын шешіп босағада қағулы тұрған жалғыз тал шеттеге іле салып:

— Аман-есен келдің бе, балам?! Кейінгі күндері хабар-ошарсыз кеттің ғой. Жаман ойға адам баласы жүйрік келеді,— деп кең құшағын аша берді. Орнынан атып тұрған бала әке мейіріміне көмілді.

Ата-ана, туған-туыстарды тек қана Бекмұханбет сағынбаса керек. Әскери міндеттін атқарып қайтқан оны күн аралатпай қонаққа шақырып, сый-құрметтерін көрсетіп жатты. Қонақтан кеш қайтатын Бекмұханбет ертесінде үйқысын қандырып, төсегінен жәй тұрады. Оның тұрғанын жолдас-жоралары күтіп алып, күні бойы олармен болады. Бел шешіп дегендей, жайбаракат отырып ата-анасымен өңгімелесуге де уақыт болмады. Оның үстіне нағашылары тұратын Абай ауылына барып, екі апта бойы ол жерде жатып қалды.

Бала кездерінен бірге өскен Бекшетай мен Нұрмұханбет қол алысып, кеуде қағысқан достар. Әскерден келген ұлымен қосып Нұрмұханбет пен Иғайшаны Бекшетай үйіне қонаққа шақыруын жиілетіп жіберді. Өздері де Нұрмұханбеттердікіне кіріп-шығуларын көбейтті. Оған онша мән бере қоймаған Бекмұханбет, бір күні кешкүрим есік алдына келе беріп кіlt тоқтай қалды. Әкесі сөйлеп жатыр. «Әрі қарай не айттар екен?» деген ойда.

— Беке,— дейді әкесі сабырлы үнмен.— Екеуміз кеуде қағысып дос болғалы не заман. Адалдығымызыға бір аллаңың өзі куә. Жас болса келіп қалды. Сол адап достығымызды жалғастыратын ұл, қыздарымыз бар емес пе. Солар жалғастырса деген оймен бір түйін түйіп жүрмін.

— Ол қандай түйін, Нұреке?— дейді Бекшетай досының түпкі ойын түсінсе де.

— Балам болса әскер міндеттін атқарып келді. Күләттай болса көмелеттік жасқа толды. Біздің достығымызды сол

екеуі жалғастырса. Құдай қосқан құда-жекжат болсак деген арман үстінде жүрген жайым бар. Бұл ойымды қалай дейсің, Беке?— деп ойын бір ырғакпен айтып шықты.

— Нұреке, ойынды да, сөзінді де түсіндім. Ыстық-суығынды бірге көріп жүрген досыңмен құдай қосқан құда болу кімнің болса да арманы ғой. Мен үшін де ол өмірдегі көрсем деген қуаныш пен бақыттымның бірі. Тек жастардың өздері не дер екен? Қызым болса оқуын қалдыра қояр ма екен? Әрі қарай оқуымды аудан орталығына барып оқысам деп жүр,— деді Бекшетай «мақұлға» да, «болмайдыға» да бармай.

— Ұлыммен өзім сөйлесіп көрейін. Не дер екен. Ал Құләтаймен бәйбішен тілдессін. Қыз бала анасымен сырлас келеді ғой...

Осы сөтте есік ашылып сыртқа шықкан қарындасты:

— Аға, үйге кірмей мұнда неғып тұрсың?— деді еркелей сөйлеп.

— Ия, ия, Кәзір кірем,— деген Бекмұханбет есіктің тұсқасына қолын соза берді.

Ертесінде астан кейін қүренқасқаны ерттеп жатқан әкесінің қасына келген Бекмұханбет:

— Нәне...— деді.

Бекмұханбет әкесін «Нәне» дейтін. Бала кезінде Пушкиннің шығармаларын зер сала ынтастымен оқитын ол, оның жынысының әйел адамы екенін білмеген. Бірақ ол нияның Пушкинге деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығын жақсы үққан. Ондай адамды «Нәне» деп атайды екен ғой деп ойлаған ол, әкесін «Нәне» деп кетеді. Кейін келе Бекмұханбеттің Нәнелеуіне қарай әкесінің іні-қарындастары мен келіндері де ол кісіні Нәне деп атайдын болды. Нұрмұханбеттің құлағы оған өбден үйреніп алған.

— Ие, балам? Бірдеме айтайын деп пе едің?— деді Нұрмұханбет ертоқымның тартпасын тартып жатып.

— Нәне, мен оқуға тұстім.

— Қай оқуға? Қашан?

— Әскер қатарынан босап келіп, КазГУ-дің тарих факультетіне.

— Оны айтпай нағып жасырып жүрсің осы күнге дейін?— деді әкесі шамалы өкпесін білдіріп.

— Айтуға реті келмеді. Өздеріңіз де еш нәрсе сұрамадыныздар.

— Айтпасаң біз қайдан білейік, не істеп жүргеніңді. Оқуға тұсуіңмен!— деп келіп әкесі баласын құшағына алып, маңдайынан сүйді.

— Бір аптадан кейін оқуға кетуім керек.